

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық әкімінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 24 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 сәуірде N 3700 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің 2016 жылғы 16 мамырдағы N 32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің 16.05.2016 N 32 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңы 4-бабы 5-тармағының 3) тармақшасына және 48-бабына, "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Азаматтық қорғаныс мемлекеттік жүйесінің аудандық аумақтық кіші жүйесі қызметінің төтенше жағдай тәртібі енгізілсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы әкімінің басшылық ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 7 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Д. Байтөлешов